«8D03101- Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тауекелова Толганай Батырбековнаның «Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Тауекелова Толганай Батырбековнаның «Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері» диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес. Ғылыми зерттеу тақырыбы – қазіргі қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсерін, яғни «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенім» институттарының қалыптасуы мен динамикасын, осы институттардың бизнестің дамуына ықпалын әлеуметтанулық талдауға арналған. Жұмыс мазмұны «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі», «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Бизнестің жол картасы – 2025», «Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын және әлеуметтік жаңғыртудың 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған жоспарын бекіту туралы» сияқты мемлекеттік бағдарламалары қағидаттарына сәйкесе отырып, ұлттық экономиканың елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуімен қатар тек бизнесте ғана емес, жалпы қоғамда «әлеуметтік жауапкершілік» және «сенім» институты функцияларының тереңдету мақсаттарына сай келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Тауекелова Толганай Батырбековнаның «Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері» тақырыбындағы докторлық диссертациясы

Сканировано с CamScanner

			отандық әлеуметтану ғылымында аталмыш мәселені осы ракурста қарастырып зерттеген алғашқы әлеуметтанулық талдау ретінде құнды. Қазақстандық бизнестің қалыптасуы мен дамуы процесіндегі «әлеуметтік жауапкершілік» және «сенім» феноменінің өзараықпалдастығын әлеуметтанулық талдауды диссертант экономикалық әлеуметтанудағы «әлеуметтік жауапкершілікті» концепциялауға мүмкіндік беретін ғылыми категориялар мен интерпретацияларды қарастырудан бастайды. Әрі қарай автор «сенім» категориясын теорияландыра отырып, екі құбылыстың бизнеске ықпалына қатысты теориялық тұжырымдарды саралайды. Қазақстандық контекстегі «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенімнің» өзараықпалдастығының практикадағы жүзеге асуының формалары мен үлгілерін бастапқы және қосалқы эмпириялық деректермен негіздей отырып, ғылыми алаңға жаңа әлеуметтанулық ғылыми ақпаратты ұсынады. Жұмыста қазақстандық бизнестің институттық ерекшеліктеріне ықпал ететін факторлар талданады және қалыптасу процесіндегі корпорациялық мәдениетті интерпретациялайтын әдіснама ұсынылады. Зерттеу нысанының ғылыми өзектілігі толық ашылған және автор қазақстандық бизнестің дамуындағы «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенімнің» өзараықпалдастығын өзі жасақтаған қолданбалы зерттеу бағдарламасы мен құралнамасы негізінде жаңа эмпириялық деректерді өңдеу және сараптау жасау арқылы толықтырған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертацияның жалпы жазу деңгейі – жоғары. Ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы қисынды. Автор зерттеліп отырған мәселенің теориялық негіздемесін даярлау барысында және өзі жасақтаған бағдарлама мен құралнама көмегімен қол жеткізген эмпириялық деректерді талдау арқылы қазақтілді ғылыми алаңға тың контент ұсынған. Автордың баяндау стилі ғылыми академиялық талаптарға сәйкес. Ізденуші теориялық пен эмпириялықтың үйлесімділігі арқылы зерттеу барысында алынған деректер мен қолданылған қосалқы дерек көздерін зерттеудің

Сканировано с CamScanner

			міндеттерін жүзеге асыруда және зерттеу болжамдарын дәлелдеуде кәсіби білігінің деңгейін көрсете алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Зерттеу тақырыбы заманауи қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық трансформациялар мен отандық бизнестің даму процесіндегі әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің институттануының спецификасымен байланысты. Ізденуші зерттеліп отырған алаңдағы нақты әлеуметтік кейстер мысалында елдегі әлеуметтік саясат, қабылданған ағымдағы мемлекеттік бағдарламалар, олардың тиімділігі және әлемдік нарықтың даму тәжірибесін салыстыра отырып мәселенің өзектілігін дәлелдеген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны тақырыпты айқындайды. Зерттеудің құрылымы диссертациялық жұмыстың атауына толық сәйкес келеді, «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенімнің» өзараықпалы теориялық және эмпириялық тұрғыдан негізделген. Зерттеудің өзекті қағидасы жұмыстың құрылымдық элементтерінің барлығын қамтып, жүйелі түрде ғылыми деректермен дәлелденген және ғылыми тұжырымдармен түйінделген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты қазақстандық бизнестегі әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсерін анықтауға бағытталған, ал зерттеу міндеттері осы мақсатты жүйелі іске асыруды қамтамасыз етеді. Ізденуші кешенді теориялық талдау және сауалнама, жартылай құрылымданған сұқбат, регрессиялық талдау әдістері арқылы жүргізген авторлық қолданбалы зерттеуі нәтижесінде алынған қомақты бастапқы әлеуметтанулық мәліметтер интерпретациясы негізінде зерттеу міндеттерін орындаған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан. Жұмыстың құрылымы қисын тұрғысынан біртұтас: теориялық негіздемеден эмпириялық зерттеу мен қорытындыларға дейінгі өзара сабақтастық пен үндестік сақталған. Әр бөлім структуралық элемент ретінде өз функциясын атқарып, өзге

Сканировано с CamScanner

			бөлімдердегі басты ғылыми қағиданы баяндаудың қисынды жалғасы болып табылады. Бұл зерттеу нәтижелерінің тұтастығын қамтамасыз еткен.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдерге сыни талдау тән. Диссертацияда әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсерін зерттеуде автор жаңа әдістемені жасақтайды және оны тәжірибеде қолданып, нәтижесінде тың эмпириялық үлгі ұсынады. Мысалы, ізденуші социологиядағы классикалық теориялық тұжырымдарды қолдана отырып, қазақстандық бизнестің институттануындағы ерекше фактілердің сипатын ашып көрсетеді, сол арқылы әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзараәсерінің қазақстандық практикасына ғылыми баға береді. Автор шетелдік және отандық зерттеулерді сыни тұрғыда талдап, өз көзқарасын нақты деректермен және салыстырмалы талдау нәтижелерімен негіздеген.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Жұмыста «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенім» институттарының өзара әсерін қазақстандық бизнестің даму процесіндегі рөлін кешенді түрде қарастыру, шағын бизнес субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілік үлгілерін эмпириялық тұрғыдан айқындаудың әдістемесі ұсынылған. Сонымен қатар, зерттеудің теориялық бөлігі ғылыми тұжырымдарға сүйеніп қазақстандық әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау жүзеге асыру нәтижесінде академиялық ортаға жаңа ғылыми ақпараттар ұсынған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа (75%). Автор қазақстандық бизнестегі әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсерін қазақстандық әлеуметтануда алғаш рет кешенді әлеуметтанулық талдау (құрылымдық-функционалдық талдау, жүйелік тәсіл, әлеуметтік капитал теориясы, рационалды таңдау теориясы және басқалары) арқылы зерттеп, жаңа ғылыми нәтижелер ұсынған. Бизнесті, соның ішінде қазақстандық алаңды әлеуметтанулық талдаудың ғылыми-кешенді әдісі кең тараған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

Сканировано с CamScanner

			«Әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенім» институттарының бизнес дамуына ықпалы әлемдік әлеуметтануда жеткілікті зерттелгенін осы жұмыстың бірінші тарауындағы материалдар дәлелдейді. Ал автордың эмпириялық зерттеу негізінде қазақстандық шағын бизнес субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілік формалары мен үлгілері, сондай-ақ сенім деңгейін бағалаудың тың тәсілдерін ұсынуы, оның қазақстандық алаң бойынша жасаған қорытындылары - жаңа. Қорытындылар бизнестің әлеуметтік тиімділігін арттыру мен қоғамдағы сенім институттарын дамыту бойынша жаңа теориялық және практикалық бағыттар ұсына отырып, әлеуметтану ғылымына маңызды үлес қосады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациядағы техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа, себебі автор қазақстандық бизнестегі әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсерін алғаш рет кешенді әлеуметтанулық талдау жүргізіп, жаңа ғылыми нәтижелер ұсынған Атап айтқанда: - автор сауалнама, жартылай құрылымданған сұқбат және регрессиялық талдау арқылы бастапқы мәліметтер жинақтады және өңдеді; - жұмыста қосалқы зерттеу деректері, статистикалық мәліметтер де дәлелдемелерде қолданылған; - автор деректерді сурет, кесте, диаграммалар түрінде көрсетіп, мәліметтердің көрнекілігіне назар аударған; - ізденуші шағын бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігі көпдеңгейлі және көпқырлы құбылыс екенін дәлелдеп, экономикалық субъект қана емес, сонымен қатар орнықты даму мен қоғамдық игілікке жауапты әлеуметтік институт екенін көрсеткен; -әлеуметтік жауапкершіліктің алты негізгі түрін, мотивациялық факторларды, институттық сенімнің төмендігін, нормативтік базаның әлсіздігін және әлеуметтік капиталдың шектеулігін көрсете отырып, осы мәліметтерді басқару процесінде ескеру қажеттілігін көрсетті;

Сканировано с CamScanner

			- корпоративтік мәдениетті қалыптастыру. бизнестің қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі мен әлеуметтік бағытталуын көрсетілген; - сенімнің деңгейлерін айқындаған; - қолданыстағы әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігінің шектеулігіне назар аударған; - әлеуметтік жауапкершілікті институт ретіндегі төрт негізгі элементін - экономикалық, құқықтық, этикалық және филантропиялық құрамдас бөліктерінің қазақстандық алаңда маңызды екенін көрсеткен. Бұл нәтиже мен тұжырымдардың экономикалық және басқаруда маңызы зор.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу нәтижелері сапалық (qualitative research) және сандық әдістердің үйлесімді қолданылуы арқылы алынған бастапқы деректермен расталған. Автор жүргізген сауалнама мен жартылай құрылымдалған сұқбат, регрессиялық талдау нәтижесінде алынған жаңа әлеуметтанулық мәліметтер теориялық тұжырымдар арқылы талданып, қорытынды жасалған. Ізденушінің эмпириялық деректерді өңдеуі және оны дәлелдемелерде ұтымды қолдануы зерттеу қорытындыларына сенімділікті арттырады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә;	Ереже 1. Шағын бизнес өкілдері әлеуметтік жауапкершілікті көпдеңгейлі және көпқырлы құбылыс ретінде қабылдайтыны туралы. Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген Ереже 2. Қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсерінің қалыптасуы мен қызмет етуі жан-жақты эмпириялық түрде зерттелуі және оның нәтижелері туралы Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген

Сканировано с CamScanner

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Ереже 3. Шағын бизнестің әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асырудағы мотивациясының көптүрлілігі және әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру мен қолдаудың әртүрлі бизнес сегменттеріне бағытталған тәсілдерді қажет ететіндігі туралы. Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды емес, ішінара жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген Ереже 4. Қазақстандық бизнестің әлеуметтік бағытталуы - әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге ерікті түрде қатысуы - әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі көрінісі екені, прагматизмнің басымдығы туралы Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды емес, ішінара жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген Ереже 5. Қазақстандық ерекшеліктерді ескере отырып, шағын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жаңа модельдері туралы. Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген Ереже 6. Қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері тұрақты және әлеуметтік бағытталған кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететіні, мемлекет пен бизнес арасындағы әлеуметтік әріптестікті жетілдіруге бағытталған нақты шаралар қажеттілігі туралы. Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды емес, ішінара жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген Ереже 7. Әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара байланысы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғырту кезеңіндегі кәсіпкерлікті әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан қолдаудың тиімді механизмдерін дамытуға мүмкіндік беретіні туралы Дәлелденді. Бұл тұжырым тривиалды, ішінара жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснаманы таңдау – негізделген және нақты жазылған. Диссертацияда зерттеу әдіснамасы теориялық және эмпириялық

Сканировано с CamScanner

	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) иә;	деңгейлердің өзара байланысы негізінде жүйелі түрде құрылып, ғылыми мақсаттармен толық сәйкестікте таңдалған. Ізденуші таңдалған әдіснамаға түсіндірме берген. Автор әлеуметтанудың классикалық және заманауи тәсілдеріне (құрылымдық-функциялық талдау, әлеуметтік капитал теориясы, жүйелік және рационалды таңдау теориялары) сүйене отырып, зерттеудің теориялық негізін айқындаған. Сонымен қатар, эмпириялық кезеңде сандық (сауалнама, SPSS талдауы) және сапалық (жартылай құрылымдалған сұхбат) әдістер кешенді қолданылған. Сонымен қатар автор күрделі статистикалық әдісті, оның ішінде көпфакторлы регрессиялық талдау жүргізген. Регрессиялық талдау арқылы автор аса маңызды деректерге қол жеткізген. Мысалы, «әлеуметтік жауапкершілік деңгейі артқанда компания табысының өзгерісін», «институттарға деген сенім мен қаржылық нәтижелер арасында статистикалық тұрғыдан нақты байланысын», «бизнес нәтижелеріне ең көп ықпал етуші факторды» анықтаған. Диссертациядағы әдіснамалық шешімдер зерттеу нысанын жан-жақты талдауға және алынған нәтижелердің ғылыми дәлдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген.
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында автор ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін тиімді пайдаланып, сандық деректерді SPSS for Windows (21-нұсқа) статистикалық бағдарламасы арқылы өңдеп, регрессиялық және салыстырмалы талдау жүргізген. Сонымен қатар, сапалық деректерді жүйелеу мен интерпретациялау үшін заманауи компьютерлік құралдар мен онлайн платформалар (Google Forms, электрондық кестелер) қолданылған. Бұл тәсілдер алынған мәліметтердің дәлдігін, талдаудың объективтілігін және нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.
		1) иә;	
		2) жоқ.	

Сканировано с CamScanner

	Практикалық құндылық қағидаты	2) жоқ.	концепциялауына терең талдау жасаған. Осы талдау диссертантқа әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің теориялық негіздемесін жасауға көмектескен. Сонымен қатар жұмыс экономикалық алаңдағы өзараықпалдастықтағы «сенім» құбылысын әлеуметтік-мәдени және институттық тұрғыдан саралай отырып, оның «әлеуметтік жауапкершілік» институтымен өзараықпалдастықта бизнестің табысты болуына ықпал етуші факторлардың бірі екенін дәлелдеген. Автор қос феноменнің өзара тәуелділігін теориялық тұрғыдан пайымдайды. Зерттеу нәтижесінде ізденуші өзі жинақтаған қомақты эмпириялық деректерге сүйеніп, Қазақстандық бизнестегі әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасу ерекшеліктері мен даму тенденцияларын негіздеуі жұмыстық ғылыми құндылығын көрсетеді. Ізденуші зерттеу нәтижесінде заманауи қазақстандық бизнес алаңында «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенімнің» өзара ықпалдастығын түсіндіретін тың теориялық ұстаным мен ерекше үлгілерді ұсынады. Ол «әлеуметтік капитал», «сенім», «әлеуметтік жауапкершілік», әкорпорациялық жауапкершілік», «билік», «азаматтық қоғам» ұғымдарын қолдана отырып, жаңа институттардың заманауи қазақстандық қоғамдағы бизнестегі өзара байланысын сараптайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелері қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және шағын кәсіпкерліктің нарықтағы серіктестерімен, сондай-ақ тұтынушы тараппен өзара сенімді нығайту және әлеуметтік серіктестікті жетілдіру салаларында қолдануға болады. Ұсынылған модельдер мен әдістемелік ұсынымдар мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіруге, әлеуметтік саясат пен корпоративтік басқару жүйелерін дамытуға, сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі», «Әлеуметтік капитал» және «Бизнес және қоғам» пәндерін оқытуда оқу-әдістемелік материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар ішінара жаңа (75%). Шағын бизнес субъектілерінің әлеуметтік бастамаларын ынталандыруға,
		1) толығымен жаңа;	

Сканировано с CamScanner

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	әлеуметтік серіктестікті дамытуға және корпоративтік мәдениетті жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен практикалар мәлім. Дегенмен, автор қазақстандық бизнестің ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік жауапкершілікті басқарудың және қоғаммен өзара сенімді нығайтудың жаңа тәсілдерін ұсынған. Автордың жаңалығы - оның қазақстандық алаңдағы осы зерттеудің нәтижелері негізінде жаңа дискурсты есепке ала отырып, қазақстандық контекске бейімделген жаңа қолданбалы шешімдер ұсынуы, сондықтан олардың практикалық құндылығы назар аударарлық.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Мәтін ғылыми академиялық стиль талаптарына сәйкес келеді, терминология дәл әрі бірізді қолданылған, логикалық құрылым сақталған. Автор тұжырымдарын нақты, дәйекті және дәлелді түрде баяндап, теориялық және эмпириялық материалды үйлесімді біріктірген. Грамматикалық және стилистикалық қателер айтарлықтай жоқ, ғылыми тіл мәдениеті мен академиялық нормалар сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Қорғауға ұсынылып отырған ғылыми еңбекпен танысу барысында зерттеудің ғылыми құндылығын тереңдете түсуі мүмкін деген оймен бөліссек. Бұл ұсыныстар аталмыш жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді. Дегенмен, диссертанттың осы мәселені әрі қарай зерттеуінде көмектеседі деген сенімдемін. Ескертулер: -Алынған нәтижелерді дәйектеу кезінде оларды теориялық бөлімде қарастырылған тұжырымдар аясында тереңірек талдаған жөн болар еді. Яғни, қазақстандық алаңдағы ерекшеліктер әлемдік дамудағы қандай тенденцияларға сәйкес келеді деген сұраққа жауап беру әлемдік тәжірибеде осы әлеуметтік құбылыстардың спецификасын білуге және ұсыныстарды негіздеуге мүмкіндік берер еді; - Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерінде алынған тың қолданбалы деректерді, мысалы этникалық (соның ішінде ұлттық және діни), аймақтық, жасына қарай және қоныстық, гендерлік

Сканировано с CamScanner

			айнымалылардың комбинациясы мен өзараықпалдастығына қарай талдау да зерттеу құндылығын арттырары сөзсіз; - Ізденушінің бастапқы әлеуметтанулық мәліметтері қатарында кәсіпкерлерге билік тарапынан қысым туралы ақпарат та бар және диссертацияда билікке деген сенім дәрежесінің төмендігі туралы да айтылады. Бұл - өз кезегінде, азаматтық қоғамның дамуына кедергі объективті фактордың бірі. Диссертацияда осы сенімсіздіктің бір бағыты қазақстандық қоғамның постсоциалистік, посттоталитарлық қоғам екенінде. Механикалық пен органикалық ынтымақтастықтың элементтері тоғысқан қоғамда «әлеуметтік жауапкершілік» пен «сенімнің» өзараықпалдастығының саналуан, тіпті бір-біріне кереғар формасы мен интерпретациясы болуы мүмкін, яғни нарықтық институттардың, нарықтық экономикалық мәдениеттің баяу дамуына кедергі келтіретін факторларды көрсеткен орынды; - Диссертант мәтінге, соның ішінде академиялық мәтінге қойылатын талаптарға мұқият болуы тиіс. Терминологиялық бірізділік мәселесі қазақстандық әлеуметтанудың проблемасы екені мәлім. Дегенмен, диссертацияда кейбір терминдердің қолданылуы мен қазақ тіліндегі баламасында бірізділік сақталмаған. Сонымен қатар автор қазақ тіліне аударылған классикалық туындыларды қолданса, қазақтілді әлеуметтанулық контентті насихаттауға себін тигізер еді; - Диссертацияда кәсіпкерлердің өнімі мен қызметін тұтынушы тараптың да қазақстандық кәсіпкерлердің «әлеуметтік жауапкершілігі» мен «отандық бизнеске деген сенім» жөнінде пікіріне салыстырмалы талдау да мәселеге қоғамның көзқарасын білуге мүмкіндік берер еді, себебі мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік-экономикалық, қаржылық бағыттарын жетілдіру (мемлекеттік бағдарламалар әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру және өзара сенімді қалыптастыру мақсатында ірі бизнеспен қатар шағын, орта кәсіпкерлер мен әртүрлі қоғамдық, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар арқылы серіктестік

Сканировано с CamScanner

			жобаларға грант бөлу, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, ауылдағы бизнес пен әйелдер кәсіпкерлігі қолдау) қазақстандық қоғамда орта таптың қалыптасуына және оның тұрақтануына, сонымен қатар полиэтникалық, поликонфессиялық қоғамдағы өзара түсіністік пен сенімді арттыруға мүмкіндік туғызатыны сөзсіз.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жүргізген ғылыми жұмысының нәтижелері жоғары ғылыми деңгейде орындалған және шетелдік және отандық ғылыми алаңда таныстырылған. Зерттеу нәтижесінде алынған тың ғылыми деректер, тұжырымдар, талдау мен ұсыныстар SCOPUS базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда 1 мақалада, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақалада, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 7 мақалада, сондай-ақ «ҚазҰПУ Хабаршысы» журналында 1 мақалада жарияланған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеудің теориялық және эмпириялық нәтижелерін толық қамтып, автордың ғылыми дайындығының жоғары деңгейін, зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңалығын айқын көрсетеді. Мақалалардың мазмұны зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді және әлеуметтану ғылымының даму бағытына елеулі үлес қосады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Тауекелова Толғанай Батырбековнаның «Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері» тақырыбындағы диссертациясы мазмұны, құрылымы және ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша аталмыш ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Жұмыста зерттеу нысанының өзектілігі теориялық тұжырымдармен және эмпириялық деректермен негізделген, ғылыми зерттеудің мақсаты пен міндеттері орындалған. Ізденуші дайындаған диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға толық

Сканировано с CamScanner

			сәйкес келеді және авторға Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін қорғауға ұсынылады.

«8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тауекелова Толғанай Батырбековнаның «Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны мен орындалу деңгейі жағынан қойылған ғылыми және әдістемелік талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияда зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген, теориялық және әдіснамалық бөлімдері жүйелі сипатқа ие, ал алынған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласының дамуына елеулі үлес қосады. Автордың тұжырымдары мен ұсыныстары заманауи ғылыми әдістермен дәлелденген, нәтижелер практикалық тұрғыдан құнды. Зерттеу нәтижелері беделді халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған, бұл ізденушінің ғылыми дайындығы деңгейі мен диссертацияның талаптарға сай екенін дәлелдейді.

Осыған байланысты ресми рецензент Тауекелова Толганай Батырбековнаға «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:

Смағамбет Баян Жүзікбайқызы –
әлеуметтану кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

13.10.2025

ҚОЛЫН КУӘЛАНДЫРАМЫН
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР[illegible]ЕТІ
13 . 10 2025 г.

Сканировано с CamScanner